

«Ақсу кентінің №1 ЖОББМ»

Педагогикалық кеңес отырысының хаттамасы №2

Өткізілген күні: 07.11.2025 ж

Қатысқаны: 23

Қатыспағаны: 1

КҮН ТӘРТІБІ:

1. I тоқсан бойынша білім сапасының нәтижесі. Муканов С. Д. мектеп басшысы
2. Қосарланған сыныптардағы сабақтың тиімділігін арттыру. Карбозова Н К бастауыш сынып мұғалімі
3. Мектептегі психологиялық-педагогикалық қызметтің жұмысы. Турмаганбетова А Б мектеп басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
4. «Алтын белгіге» және «үздік аттестатқа» үміткер оқушыларды анықтау. Сабитова Г С мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары
5. Бірінші тоқсанда жүргізілген ішкі мектептік бақылау бағыттары бойынша талдау. Сабитова Г С мектеп басшысының оқу ісі жөніндегі орынбасары

1-сұрақ. I тоқсан бойынша білім сапасының нәтижесі

Тыңдалды:

Муканов С. Д. мектептің 2025–2026 оқу жылының I тоқсан қорытындысы бойынша білім сапасы туралы мәліметтер ұсынды. Жыл басында 101 оқушы болса, тоқсан соңында 98 оқушы оқу жылын жалғастырғаны айтылды.

Мектептің жалпы көрсеткіштері:

- Үздік оқушылар — 20,
- Екпінділер — 45,
- Үлгерім — 100%,
- Жалпы білім сапасы — 69.1%.

Оқу бағдарламасы толық орындалған, пәндер бойынша мемлекеттік стандарттар толық меңгерілгені атап өтілді. Электронды журнал күнделікті бақылауда болған, ұсыныстар уақытылы түзетілген. Сабакқа келмеу жағдайлары тіркелмеген, тек денсаулығына байланысты анықтамамен болған жағдайлар бар.

Тоқсан ішінде:

- Ешбір оқушы модерацияға түспеген,
- «Үштік» алған – 3 оқушы,
- Үлгерімі төмен оқушылар анықталып, пән мұғалімдері жеке жұмыс жоспарын жасаған.

Сыныптар бойынша білім сапасының нәтижелері:

(талдау кестесі құжаттағы дерек негізінде)

- Жоғары білім сапасы көрсеткен сыныптар:
 - 4 «А» – 100%, жетекшісі Н. Карбозова
 - 5 «Б» – 100%, жетекшісі Д. Ементеева
 - 8 «А» – 100%, жетекшісі Т. Бердібекова
 - 11 «Б» – 100%, жетекшісі Е. Елікбаев
- Төмен нәтиже көрсеткен сыныптар:
 - 2 «А» – 33%, жетекшісі Н. Карбозова
 - 5 «А» – 33%, жетекшісі А. Жұмаева

Пәндер бойынша төмен көрсеткіш байқалған бағыттар:

- Қазақ тілі – 67.3%,
- Алгебра – 67%,
- Орыс тілі (орыс сыныптарында) – 74%,
- Математика – 75%.

Аталған пәндер бойынша пән мұғалімдері мен әдістемелік бірлестік жетекшілері ІІ тоқсанда білім сапасын көтеру бағытында жұмыс жүргізуі тиіс екені атап өтілді.

Шешім:

1. Пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері тығыз байланыста жұмыс жасасын.
2. Әдістемелік бірлестіктерде рубрика, модерация, БЖБ/ТЖБ нәтижелерін талдау жұмыстары жүйелендірілсін.
3. БЖБ нәтижелері өткізілгеннен кейін келесі күні электрондық журналға енгізіліп отырсын.
4. 4 «А», 5 «Б», 8 «А», 11 «Б» сыныптарының көрсеткіштері жоғары деңгей деп танылсын.
5. 2 «А», 5 «А» сыныптарында білім сапасын арттыруға бағытталған нақты жұмыс жоспары жасалып, ІІ тоқсанда іске асырылсын.
6. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмыс жалғастырылсын, пән мұғалімдері тоқсан сайын есеп беріп отырсын.
7. Қазақ тілі, орыс тілі, математика, алгебра пәндері бойынша сапаны көтеру мақсатында әдістемелік бірлестік жетекшілері арнайы шаралар жоспарын әзірлесін.

2-сұрақ. «Қосарланған сыныптардағы сабақтың тиімділігін арттыру»

Тыңдалды:

Карбозова Н К 3 жылдан бері біріктірілген сыныптарда сабақ жүргізеді. Осыған орай өз тәжірибесімен бөлісті. Қосарланған сынып — оқушы саны аз болғандықтан әртүрлі жас деңгейіндегі оқушыларды бір сыныпқа біріктіріп оқыту формасы. Мұндай тәжірибе көбіне ауылдық немесе шағын жинақты мектептерде қолданылады. Мысалы, 2-сынып пен 4-сыныпты бірге оқыту.

Қосарланған сыныптың мақсаты:

- ресурстарды тиімді пайдалану;
- әр жас деңгейінің танымдық қабілетін дамыту;
- ынтымақтастықта оқу дағдысын қалыптастыру;
- дифференциалды тапсырмалар арқылы білімді терең меңгерту.

Тиімді жақтары:

- Ресурсты үнемдеу: мұғалім, кабинет, материалдар тиімді қолданылады.
- Жас айырмашылығы негізінде білім алмасу: үлкендер — кішіге көмектеседі, кіші — үлкендерден үлгі алады.
- Әдіс-тәсілдердің алуан түрлілігі: ойын, жобалық жұмыс, Венн диаграммасы, кластер, АКТ қолдану.
- Коммуникативтік дағдылар: аралас жұмыста оқушылардың сөйлеу, түсіндіру, дәлелдеу қабілеті дамиды.
- Тақырыпты терең меңгеру: бір тақырыпты екі деңгейге бейімдеп беру.

Кемшіліктері:

- мұғалімнің жүктемесі артады;
- жас ерекшелігіне байланысты тапсырмалардың қиындығы тең емес;
- уақытты көп қажет етеді;
- барлық оқушыға біркелкі білім беру қиын;
- материалдар мен құралдарды екі деңгейге бөлу қажет.

Тиімділікті арттыру жолдары:

1. Сабақты екі деңгейде жоспарлау: кіші сыныпқа жеңіл, үлкен сыныпқа күрделі тапсырмалар.
2. Топтық және жұптық жұмыс: үлкендер кішіге менторлық көмек көрсетеді.
3. Ойын, кластер, Венн диаграммасы, жобалық жұмыс әдістерін қолдану.
4. Дифференциалды бағалау: әр деңгейге жеке критерийлер.
5. АКТ қолдану: визуалды тапсырмалар, интерактивті жаттығулар.
6. Мотивациялық элементтер: стикерлер, топтық марапат.
7. Рефлексия және түзету жұмысы.

Қазақ тілі пәніне арналған тиімді әдістер:

- Ойын әдісі: сөз құрастыру, сөйлем құрау.

- Жобалық әдіс: «Менің туған жерім» тақырыбына жұмыс.
- Кластер және Венн диаграммасы: сөз таптарын жүйелеу, салыстыру.
- АКТ: интерактивті тапсырмалар.
- Дифференциалды тапсырмалар: 2-сынып — қарапайым сөйлемдер, 4-сынып — күрделі мәтін.

Шешім:

1. Қосарланған сыныптардағы сабақ тиімділігін арттыру үшін дифференциалды, жобалық, ойын және АКТ-ға негізделген тәсілдер жүйелі қолданылсын.
2. Мұғалімдерге әдістемелік қолдау көрсетілсін.

3-сұрақ. «Мектептегі психологиялық-педагогикалық қызметтің жұмысы»

Турмағанбетова А. Б. 1-ші тоқсан бойынша атқарылған жұмыс бойынша баяндады.

Психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу қызметі (ППҚҚ/СППС) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №92 бұйрығына сәйкес ұйымдастырылады. СППС бастауыш, негізгі, жалпы орта және ТЖКБ деңгейлерінде іске асырылады және білім алушылардың психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қызметтің негізгі бағыттары:

1. Диагностикалық бағыт:
 - оқудағы, мінез-құлықтағы қиындықтарды анықтау;
 - ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау.
2. Консультативтік бағыт:
 - педагогтер мен ата-аналарға кеңес беру;
 - ООП бар балаларға қолдау.
3. Дамыту-түзету жұмыстары:
 - жеке, топтық, подгруппалық сабақтар;
 - эмоционалдық және әлеуметтік дағдыларды дамыту.
4. Психологиялық-педагогикалық ағарту:
 - ата-аналарға арналған тренингтер;
 - буллингтің, зорлық-зомбылықтың алдын алу.
5. Ұйымдастыру-әдістемелік бөлім:
 - жылдық жоспар, есеп, номенклатура жүргізу;
 - нормативтік базаға сәйкес құжаттандыру.

СППС қызметінің принциптері:

- кәсіби этика;
- эмпатия және құрмет;
- жас ерекшеліктерін ескеру;
- құпиялылық;
- зиян келтірмеу;
- ғылыми және жүйелі жұмыс;
- үздіксіз психологиялық сүйемелдеу.

Қызмет құрылымы:

СППС құрамына директордың орынбасарлары, педагог-психолог, әлеуметтік педагог, арнайы педагог, педагог-ассистент және профориентатор кіреді.

Координация — директор орынбасарларына жүктеледі.

Нормативтік база:

- ҚР Конституциясы
- «Баланың құқықтары туралы» Заң
- «Білім туралы» Заң
- №92 бұйрық (СППС қағидалары)
- №506 бұйрық (Буллингтің алдын алу)
- Суицидтің алдын алу жөніндегі бірлескен бұйрықтар (2024–2025)
- «Өркен» институтының әдістемелік ұсынымдары

- Психодиагностикалық әдістер тізбесі (2025 ж.)

Психологиялық мониторинг нәтижесі:

5–11 сынып оқушыларынан «Буллинг» бойынша сауалнама алынды. Жалпы нәтиже – 102 балл (орта деңгей).

– Төмен деңгей: 5А–6А, 7А, 8А, 9А, 9Б, 10А, 11А, 11Б

– Орта деңгей: 7Б, 8Б

– Жоғары деңгей: 5Б–6Б (ерекше тәуекел)

Шешім:

1. «ДосболLIKE» бағдарламасы аясында алдын алу жұмыстары күшейтілсін.
2. 5Б–6Б сыныптарымен жекелеген психологиялық жұмыс жүргізілсін.
3. Сынып жетекшілері буллингке қарсы сынып сағаттарын өткізсін.
4. Мектеп психологы тоқсан сайын мектеп климатына мониторинг жүргізісін.
5. Әлеуметтік педагог тәуекел тобындағы отбасылармен жоспарлы жұмыс атқарсын.

4-сұрақ. «Алтын белгі» және «үздік аттестат» үміткерлері

Тыңдалды:

Сабитова Г С үздік аттестат, қызыл аттестат және «Алтын белгі» үміткерлер тізімін ұсынды:

– Сембай Дастан. 11А сынып

– Болат Акерке 11А сынып

– Бағаудин Айкөркем 11А сынып

– Исаева Айдана 9 А сынып

«Алтын белгі» үміткер — **Болат Исламбек** 5-11 сыныптар аралығында барлық тоқсандар мен қорытынды бағалары «5» деген бағалары болғандықтан, аталған дәрежеге лайықты.

Шешім:

1. «Алтын белгі» және «үздік аттестат» үміткерлерінің құжаттары толық жинақталсын. әкімшілікке тапсырылсын.
2. 10–11 сынып жетекшілері құжаттарды уақытылы рәсімдеуге жауапты.

5-сұрақ. «1-тоқсан қорытындысы бойынша мектепшілік бақылау нәтижелері»

Тыңдалды:

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Сабитова Г С 2025–2026 оқу жылының 1-тоқсаны бойынша мектепшілік бақылаудың қорытындысын ұсынды. Бақылау жоспарға сәйкес жүргізіліп, оқу-тәрбие процесінің негізгі бағыттары талданды.

1. БЖБ және ТЖБ нәтижелері бойынша талдау

1-тоқсанда барлық параллельдер бойынша жиынтық бағалау уақытылы өткізілді.

- Білім сапасы жоғары сыныптар: 5Б, 6Б, 7Б.

- Орта деңгей: 7А, 8Б.

- Білім сапасы төмендеген сыныптар: 9А, 7Б — олқылықтарды толтыру бойынша қосымша жұмыстар қажет екені анықталды.

Пәндер бойынша төмен нәтижелер байқалған бағыттар:

- математика, физика, қазақ тілі — кейбір сыныптарда тапсырмаларды орындаудың төмен пайызы тіркелді;
- тарих және география пәндерінде дағдыларды қолдану деңгейінде қиындықтар байқалды.

2. Оқушылардың сабаққа қатысуы және тәртіп бақылауы

1-тоқсан ішінде сабаққа себепсіз келмеу фактілері бірнеше сыныпта анықталды.

Сабаққа тұрақсыз қатысатын оқушылар:

- 7Б, 9А, 11Б — сынып жетекшілеріне ата-аналармен жұмыс жүргізу тапсырылды.

Тәртіпке байланысты бірнеше ескерту жасалды, алайда жалпы мектеп климаты тұрақты.

3. Бейімделу мониторингі (1, 5, 10-сыныптар)

Бірінші тоқсанда жаңа буынға өткен сыныптардың бейімделу деңгейі талданды:

- 1-сынып оқушылары — оқу ырғағына сәтті бейімделді;
- 5-сыныптарда пәндік оқуға көшу барысында кейбір сыныптарда оқу тәртібі мен тапсырмаларды орындау қиындады;
- 10-сыныптарда профильдік оқуға байланысты жүктемеге дағдылану кезеңі байқалды.

Психолог пен сынып жетекшілерге қосымша қолдау көрсету ұсынылды.

4. Электронды журналды жүргізу сапасы

Электронды журналды толтыруда жалпы талаптар сақталған.

Бірақ кейбір пән мұғалімдерінде (әсіресе 9–11 сыныптарда) бағаларды кеш енгізу фактілері болды.

5. Тәрбие бағытындағы жұмыс

1-тоқсанда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы, үйірмелер, спорт секциялары бойынша жұмыстар жоспарға сай орындалды.

Дегенмен:

- Үйірмелерге қатысуы төмен сыныптар — 8А, 9А.
- Тәуекел тобындағы оқушылармен жұмыста әлеуметтік педагог тарапынан қосымша мониторинг қажет.

6. Психологиялық қызмет жұмысы

Психолог пен әлеуметтік педагог жүргізген мониторинг нәтижесінде:

- буллинг тәуекелі жоғары топ — 5Б–6Б;
- орта деңгей — 7Б, 8Б;
- төмен деңгей — жоғарыда көрсетілген параллельдер.

Қажетті түзету сабақтарының жоспары жасалды.

Шешім:

1. 1-тоқсанның қорытындысы негізінде білім сапасы төмен сыныптармен (9А, 7Б) пән мұғалімдері және әдістемелік бірлестік жетекшілері тарапынан жүйелі жұмыс жүргізілсін.

2. Жиынтық бағалау нәтижелерін талдау бойынша пән мұғалімдері анықтама дайындап, олқылықтарды толтыру жоспарын бекітсін.

3. Сабаққа қатыспайтын оқушылармен сынып жетекшілері, әлеуметтік педагог және психолог бірлесіп жұмыс жүргізсін.

4. Электронды журналды уақтылы толтыру барлық мұғалімдер үшін міндеттелсін.

5. Психологиялық қызметтің ұсыныстары негізінде 5Б–6Б сыныптарында түзету жұмыстары күшейтілсін.

6. Үйірмелерге қатысуы төмен сыныптар бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қосымша мониторинг жүргізсін.

7. Бақылау қорытындылары келесі педагогикалық кеңесте қайта қаралып отырсын.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ

Хаттаманы рәсімдеген:

Хатшы:  Казизова Б Т

Басшы:  Муқанов С Д